

**2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1994 жылы туылған азаматтарды Мәртөк ауданының шақыру учаскесіне тіркеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда № 3-8-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімінің 2012.04.16 № 2 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабының 3 тармағын, 18, 20, 44 баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысын орындау мақсатында, **ШЕШІМ ЕТТІМ:**

1. 1994 жылы туылған азаматтарды және тіркеуден әртүрлі себептермен өтпеген жас мөлшері 17 жастан асып кеткен азаматтарды Мәртөк ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу, 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында жүргізілсін: тіркеу орны болып Мәртөк ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімінің **ғ и м а р а т ы** белгіленсін.

2. Аудандық Қорғаныс Істері жөніндегі бөліміне (келісім бойынша):

1) осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды ұйымдастыру;  
2) осы шешімнің орындалуы жөнінде ақпаратты аудан әкімі аппаратына 2011 жылдың 10 сәуіріне дейін беру ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **И . Г . Ц ы б а ғ а** жүктелсін.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**А у д а н ә к і м і н і н**

*міндетін атқарушы*

*Т.Жансеитов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК